№5242-26-00-2м/57468

ҰЙҒАРЫМ

2026 жылғы 5 қазан Шымкент қаласы

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты құрамында төрағалық етуші судья С.А.Нурбекова, сот отырысының хатшысы М.Зиябекованың қатысуымен, ашық сот отырысында жеке сот орындаушысы Ғалымжан Қалықбекұлы Садықовтың борышкер Ахрал Дадахозыұлы Закировтың жылжымайтын мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы ұсынысын, жеке сот орындаушысы Г.Қ. Садықовтың және өндіріп алушы Дамир Құрманғазының қатысуымен қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Жеке сот орындаушысы Г.Қ. Садықов сотқа борышкер А.Д. Закировтың жылжымайтын мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы ұсыныспен жүгінген.

Шымкент қаласы нотариусының 2025 жылғы 2 қыркүйектегі №04082-002354/526 атқарушылық жазбасы бойынша А.Д. Закировтан өндіріп алушы Д. Құрманғазының пайдасына 30 000 000 теңге өндіріп алу көзделген. Осы атқарушылық құжат бойынша 2025 жылғы 24 қыркүйекте №689/25-79-2744 атқарушылық іс жүргізу қозғалған.

Борышкерге атқарушылық іс жүргізу мен берешек туралы хабарламалар жіберіліп, оның банктік шоттары мен мүлкіне тыйым салынған. Борышкердің банктік шоттарында өндіріп алуға жеткілікті ақша қаражаты жоқ, атқарушылық құжаттың талабы орындалмаған.

Жеке сот орындаушысы сондай-ақ Шымкент қаласы, Абай ауданы, Сейдахан Садықұлов көшесі, №44А мекен жайындағы тұрғын үй мен жер учаскесінің борышкер және Барно Рустамбекқызы Закироваға ортақ меншік ретінде тіркелгенін, осы мүліктегі борышкердің 1/2 үлесі Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының №5242-26-00-2/1778 іс бойынша ұйғарымымен анықталған.

«Центр Профессиональной Оценки» ЖШС-нің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №25-0462 есебінде аталған жылжымайтын мүліктің нарықтық құны 20 122 000 теңге деп көрсетілген. Осыған сәйкес борышкердің 1/2 үлесінің есептік құны 10 061 000 теңгені құрайды. Бағалау туралы мәлімет борышкерге жолданған, таныстырылған.

Сот отырысында жеке сот орындаушысы ұсынысын қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Өндіріп алушы да ұсынысты қанағаттандыруды сұрады.

Борышкер А.Д. Закиров сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына келмеді.

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 10.10.2026

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 250-1-бабына сәйкес, тиісті түрде хабарланған тұлғалардың келмеуі ұсынысты қарауға кедергі болмайды.

Сондықтан сот мәселені борышкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп тапты.

Сот орындаушыны, өндіріп алушыны тыңдап, ұсыныстың уәждерін, атқарушылық іс жүргізуге қатысты ұсынылған мәліметтерді зерделеп, сот төмендегідей қорытындыға келеді.

АПК-нің 250-1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот шешімін мәжбүрлеп орындау барысында берешекті өзге мүлік есебінен өтеу мүмкін болмаған кезде не мүлік жеткіліксіз болған кезде өндіріп алушы немесе сот орындаушысы борышкердің жылжымайтын мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Аталған бап бойынша сот өтінішті мүлік орналасқан жердегі сотта қарап, оның нәтижесі бойынша ұйғарым шығарады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 2-тармағына сәйкес, егер атқарушылық құжатта өзгеше тәртіп белгіленбесе, өндіріп алу бірінші кезекте борышкердің ақша сомаларына, оның ішінде банк шоттарындағы қаражатқа қолданылады. Осы баптың 5-тармағы өндіріп алуды атқарушылық құжатты орындауға қажетті мөлшерде борышкердің мүлкіне қолдануды көздейді.

Қаралып отырған жағдайда 30 000 000 теңге көлеміндегі атқарушылық талап орындалмаған; жеке сот орындаушысы ақшалай қаражатқа өндіріп алу шаралары нәтиже бермеген.

Сонымен қатар жылжымайтын мүліктегі борышкердің үлесі жеке сот актісімен анықталған. Демек, берешекті басқа қаражат есебінен өндіріп алудың мүмкін болмауы және борышкерге тиесілі жылжымайтын мүлік үлесінің болуы туралы мән-жайлар ұсынысты қанағаттандыруға негіз болады.

Мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі ретінде көрсетілгенімен, өндіріп алу туралы мәселе бүкіл мүлікке не Б.Р. Закироваға тиесілі үлеске қатысты емес, тек борышкер А.Д. Закировтың бұрын анықталған 1/2 үлесіне қатысты.

Сот бұл ұйғарыммен мүлікті сатудың түпкілікті бағасын немесе өткізу тәсілін белгілемейтінін, мұндай іс-әрекеттер атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатынын атап өтеді.

Мүлікті өткізуден түсетін қаражаттың бөлінуі де тиісті заң талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

Осы мән-жайларды ескеріп, сот жеке сот орындаушысының ұсынысы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 250-1-бабын және 268–269-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 10.10.2026

Жеке сот орындаушысы Ғалымжан Қалықбекұлы Садықовтың борышкер Ахрал Дадахозыұлы Закировтың жылжымайтын мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы ұсынысы қанағаттандырылсын.

2025 жылғы 2 қыркүйектегі №04082-002354/526 нотариустың атқарушылық жазбасы бойынша өндіріп алушы Дамир Құрманғазының пайдасына 30 000 000 (отыз миллион) теңге берешекті өндіріп алу мақсатында борышкер Ахрал Дадахозыұлы Закировқа (ЖСН 740818301683) тиесілі Шымкент қаласы, Абай ауданы, Сейдахан Садықұлов көшесі, №44А мекенжайында орналасқан тұрғын үй мен жер учаскесінің (кадастрлық нөмірі 19:309:112:8:73) 1/2 үлесіне өндіріп алу қолданылсын.

Ұйғарымда аталған мүлікке өндіріп алуды қолдану мен оны өткізудің одан арғы әрекеттері атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен орындалсын.

Ұйғарымға наразы болған тараптар ол түпкілікті дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты арқылы жеке шағым немесе өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Нурбекова С.

Құжатқа қол қойылған: Нурбекова С. А., 10.10.2026

5242-26-3-12/3800